



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3) Необходимость более мобильной системы регулирования быстро развивающихся отношений на рынке ценных бумаг. Обеспечение условий осуществления эффективного регулирования, в том числе контроля, профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг. Обеспечение более скорое «взросление» саморегулируемых организаций профессиональных участников рынка ценных бумаг с тем, чтобы большую часть регулирующих функций на рынке ценных бумаг осуществляли именно они, а за государством сохранились бы функции надзора, мониторинга и лицензирования [3, с. 41].

Развитие научно-технической мысли, а также развитие отношений на рынке Казахстана привело к использованию новых прогрессивных форм выпуска ценных бумаг, к пониманию различия сфер обращения ценных бумаг разных видов и к столкновению интересов различных государственных органов, регулирующих те или иные вопросы, связанные с ценными бумагами. В этой связи необходимо провести мероприятия по уточнению понятия ценных бумаг, созданию корректного с юридической точки зрения определения понятия дематериализованных ценных бумаг либо как собственно финансового обязательства, либо как формы подтверждения обязательств эмитента.

Список использованных источников:

1. Никитина Т.В., Репета-Турсунова А.В. Финансовые рынки и финансово-кредитные институты : учебное пособие / Т. В. Никитина, А. В. Репета-Турсунова. – СПб. : Изд-во СПбГЭУ, 2014. – 115 с.
2. Рамазанов А., Утеев Б. Регуляторы развития фондового рынка Казахстана // Актуальные проблемы экономики. – 2013. – №4 ((142)). – С.463-471
3. Подходы к регулированию фондового рынка // Рынок ценных бумаг Казахстана.– 2010.– №2. – С. 39–44.

УДК 348.7.2

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ БАСТАМАСЫ ЖӘНЕ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ОДАҚҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Орманбек Дарын Ерғалиұлы

daryn.ormanbek@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ҚҚ-33 тобы студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С. Сақтағанова

Н.Ә.Назарбаев бейбітшілік, келісім, ақылдастық талаптарын іске асыратын көптеген халықаралық ұйымдардың құрылуына себепші болып табылады. Олардың қатарына АӨСШК(бұдан әрі - Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес), ШЫҰ(бұдан әрі - Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы) тағы басқа жатады. Солармен бірге БҰҰ(бұдан әрі - Біріккен Ұлттар Ұйымы), ЕҚЫҰ(бұдан әрі - Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы) жұмыстарын заман талабына сай ұйымдастыру жолындағы бастамашылар мен ұсыныстардың нақты атқарылған істтердің иесі.Сонымен қатар Н.Ә.Назарбаевтың ТМД елдерінің бірлескен қызметтерін бүгінгі күн сұранысына бағыттауға бастамашы және жетекші екендігі барынша мойдалып келеді [1].

ЕАЭО-тың(бұдан әрі - ЕурАзиялық Экономикалық Одақ) бастауын ТМД-дан(бұдан әрі - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) алады деп айтсақ қателеспейміз. Осы аталған ұйым өз жұмысын алғаш 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматы қаласында шартқа қол қоюмен бастағаны бәрімізге мәлім.Қазіргі таңда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қатары 5 мемлекетке толықты.Бұл одақ алғаш 1994 жылы ұсынылған болатын. 2011 жылы 18 қазанда құрылуы келісілген. 2012 жылдың 1 қаңтарында ЕЭК (бұдан әрі - ЕурАзиялық Экономикалық Кеңестік)ретінде танылды.

Ең маңыздысы 2014 жылы мамыр айының 29 жұлдызында еліміздің астанасы Астана қаласында үш мемлекеттің басшылары : олар – Қазақстан , Ресей , Беларусь мемлекет басшылары қол қойылған келісім негізінде Еуразиялық Экономикалық Одақ , - деген атпен құрылған экономикалық одақ өз жұмысын бастады. Мүше елдердің Парламенттері бекітіп, Одақ 2015 жылы 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін болып шешілді. Жоғарда атап өткен одақ тарихы Призидентіміз, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен болған [2].

Еуропалық Одақ Интеграцисына сүйенген идея Ресейдің сол кездегі Примвер Министірі – Владимир Путин тарапынан 2011 жылдың қазан айында көпшіліктің назарына ұсынылған, бірақ тұжырымдама ретінде Қазақстан Республикасы Призиденті тарапынан 1994 жылы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде тұңғыш таныстырылған болатын.

ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің бұл одақтың ішінде болуы, оның ішінде Қазақстанның мүшелілігі біздің ел үшін қазіргі заманның қауіп-қатеріне тойтарыс беру. Мұндағы басты міндет, мүше елдердің күштерін біріктіре отырып жақандық экономикаға тиімді және келісімді болып табылатындығын, - Н.Назарбаев мүше елдерге әуел бастан ұқтырғандай.

Бір жағына кәсіп орындар алдағы ЕАЭО , Кедендік Одақ, Біріңғай Экономикалық Кеңістік шегінде шетел компанияларымен ашық бәсекелестіке түседі. Осылайша Қазақстандық кәсіпкерлер Батыс және Шығыс елдерінің ең жақсы деген тәжірибиеоерін алып, энергетикалық, еңбек, қаржылық, интеллектуалды ресурстар жеткілікті көлемде барынша тиімді қолданыла бастайды [3].

Екінші жағынан Қазақстанда өндірілген өнім Әлемдік нарықтарда сұранысқа ие болу үшін мемлекет ерекше экономикалық орта құруы және оны қолдауы қажет. Бірақ ЕАЭО міндеттемелерімен байланысты мемлекет өздігінен экономикалық саясатты жүргізе алмайды. Қазақстанның, Ресеймен Беларусьяның экономикалық интеграциясы әлемдік аренадағы өзара мүдделерді қорғау және жаһандануға жауап ретінде түсіндіріледі. «Еліміздің экономикасын бәсекеге қабілеттілігін арттыру және біріккен модернизация үшін әр елдің мүмкіндіктерін біріктіру, басты мақсаттардың бірі», - деп бір сөзінде Елбасы Нұрсылтан Әбішұлы айтқан болатын. Сонымен қатар «Біздерге басқа интеграциялық бірлестіктердің , яғни ең алдымен Еуро Одақтың тіжірбиесін ескеру маңызды. Қатысушы елдердің біреуі де индустрияландыру үрдісіне ұшырамай Ұлттық экономикада дәстүрлі өнеркәсіп салаларымен, ауыл шаруашылығының құлдырауының болмауы туралы сөз болып отыр. Еуразиялық экономикалық рецессиясы осыдан көрініс табады», - деп атап өткен болатын.

2016 жылдың 31 мамырында мемлекет басшысы жоғары Еуразиялық Экономикалық отырысына қатысты. Сонымен қатар бұл отырса- Армения Республикасының Призиденті С.Сарксян, Белеруся Республиканың Призиденті А.Лукашеко, Қырғыстан Республикасының Призиденті А.Атамбаев және Ресей Федерацияның Призиденті В.Путин қатысты. Іс шара барасында ЕЭК-ін дамытудың өзара мәселелерімен перспективалары қаралды. Осы отырыс мемлекет басшысы сөз алып: «Бұл құжатқа 2014 жылғы 29 мамырда Қазақстан, Ресей, Беларусь елдері осында, Астанада қол қойды. Қысқа уақыт ішінде біздің қатарымыз Армения және Қырғыстанмен толықты. Құрылғанына аз ғана мерзім өткенімен және бастапқыдағы қиындықтарға қарамастан, бүгінде ЕАЭО туралы келісімде белгіленген жоспарлар мен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылуда. Үкіметтер және бизнес қауымдастықтары бір-бірімен ынтымақтасудың қажетті тәжірибесін жинақтап жатыр. Өзара іс-қимылдың ішкі мәселелері регламенттелді. Қойылған міндеттер мен одақ қызметі қағидаттарының жүзеге асырылуы мемлекттеріміздің экономикасына қуатты серпін беретініне сенімдімін », - деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Бүкіл әлем бойынша эконоикалық бірлестікте мүдделілік артып, ЕАЭО-ның халықаралық байланыстары барған сайын қарқынды дамып келе жатқанын да атап өтті [4].

Осы орайда, ұйымның төрағасы ретіндегі елбасының ұсынысымен 2016 жыл «Үшінші елдермен және негізгі интеграциялық бірлестіктермен ЕАЭО-ның экономикалық қарым-қатынастары жылы болып жарияланғандығы сөз болды». Осы орайда мемлекет басшысы өз үндеуінде ЕАЭО-ны біз әлемдік экономикалық жүйеге үйлесімді түрде кіріккен, Еуропа мен Азия аралығындағы дәнекер қызметін атқаратын ашық қоғамдастық ретінде көретінін тілге

тиек етті. Осы мәлімдемеге байланысты атап өтетін жағдай, былтыр Вьетнаммен арада еркін сауда аймағын құру туралы ЕАЭО-ның алғашқы келісіміне қол қойылды. Бүгінде ҚХР, Үндістан, Израиль, Мысыр, Иран, Комбоджа және өзге де көптеген мемлекеттермен ынтымақтасу мәселелері жөнінде жұмыс жүргізілуде. ЕАЭО-ның ЕО, ШҰҰ, АСЕАН және өзге де интеграциялық бірлестіктермен сауда-экономикалық байланыстарын жолға қою мүмкіндіктерін жеке қарастыруда.

Мемлекет басшысының Жоғары Еуразиялық Экономикалық Кеңес отырысындағы қарастырылған мәселелердің жұмыс жасауы мен атқарылуына қорытынды беріп айтқан сөзінде былай деді: «ЕАЭО-ның ішкі өзара қимылының да, халықаралық ынтымақтастығының да, аспектілері де қамтылған. Осы ретте шағын құрамда өткен кездесу барысында біз талқылаған мына мәселелердің маңыздылығына тоқталайын:

ЕАЭО мен Еуропалық Одақ аралығындағы өзара іс-қимылды жолға қою, Қытаймен келіссөз үдерісін бастау. Жалпы, бүгінгі қабылданған шешімдер ЕАЭО жұмысына және басқа байланыстарға қосымша қарқын беруге тиіс». ҚР Президенті биыл ЕАЭО-ға біздің елдің төрағалық ететінін ескере келіп, интеграциялық бірлестіктің одан әрі табысты, әрі дамуы үшін барлық күш-жігердің жұмсалатынына сендірді.

Дүние жүзінде одақтардың саяси негізде құрылғандығына байланысты мысалдар бар. Бұл одақтардың тағдыры жеткілікті түрде бақталастықта болады. Қазір бұл тақырыпқа байланысты ойларымызды айта алмаймыз. Бұл мәселе әрі қарай зерттеуді талап етеді.

2014 жылы Беларусьның вице-премьер министрі В. Семашко «Беларусьның, Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарының бір-бірімен бәсекелестікке түспей, керісінше ірі трансұлттық корпорациялар құрулары керек. Біздер қайталанатын өндірістерді құруға жол бермес үшін келісілген өнеркәсіптік саясат жүргізуіміз керек», - деген болатын. Осы одақты бірігіп жүргізудің жолдарын жасақтауымыз керек. Бірақ та әр түрлі көзқарастар бар. Мысалы, біреулер трансұлттық компанияларды саяси еркіндік арқылы құруға болады десе, кейбір елдер басқаша түсініктерді ұстанады.

Кедендік одақ, Біріңғай экономикалық кеңістік шінберінде Қазақстандық кәсіпорындар шетел компанияларымен ашық бәсекелестікке түсіп отыр. Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев жоғары деңгейде атап өтті:

«Тауарлардың еркін қозғалысы қазақстандық өндірушілердің жұмыстарының жағдайларын күрделендіріп отыр. Сыртқы сауда диспропорциясы өсуде. Сонымен бірге тарифтік емес және техникалық кедергілерді, жоғары санитарлық және фитосанитарларды пайдаланатын Ресей мен Беларусь нарықтарында қазақстандық өнімдерге қол жетімді болуы үшін әлі де қиындықтар сақталуда. Қазақстан Ресей Федерациясының шекарасы арқылы Беларусьқа сата алмайды». Ал ЕАЭО аясында бұл мәселелер белгілі-бір тұрғыда өз шешімін тапқанын атап кеткен жөн.

ЕАЭО-Еуропа аймағы мен гүлденген Азия аралығындағы сенімді көпір

«Мен Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы бастамны 20 жыл бұрын Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде жариялаған едім. Уақыт қана сенімділік ие. Біздің екі он жылдық тарихтағы тәжірибіміз-бұған куә», - дей келе Елбасы Еуразиялық интеграциялық идеясының Ресей мен Беларусь Президенттерінен қолдау тапқанын, дәл соның арқасында тарихи шартқа қол қойылғанын атап өткен болатын. Бұл елбасының 2014 жылдың 29 мамырында Астана қаласында ЕАЭО-қа салтанатты түрде қол қойылғаннан кейінгі айтқан сөзі еді [5].

Сонымен қатар, Елбасы интеграцияның игілікті тұстарына да тоқталып өтті. Президенттің айтуынша соңғы бес жылда Қазақстанның кеден одағына қатысушы елдермен тауар айналымы 88 пайызға артып, 24 млрд. долларға жеткенін Еуразиялық интеграция бойынша әріптес елдерге Қазақстанның экспорты 63 пайызға өсіп, 6 млрд. долларға көтерілгенін айтты. «Бұл абстракциялы көрсеткіш емес, олардың артында жүздеген кәсіпорындар мен мекемелер, өзара байланыстың жаңа желілері тұр», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Осы ретте мемлекет басшысы басқа да интеграциялық бірлестіктердің тәжірбиесін зерделеу маңызды екенін айта келе, бірінші кезекте Еуропалық Одаққа назар аударды. «Мұндағы басты мәселе – қатысушы мемлекеттердің бірде біреуі деиндустрияландыру үдерісіне ұшырамауы, ұлттық экономиканың дәстүрлі салаларында, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында құлдарауды болдырмау. Еуропалық экономика рецессиясының сабақтарыда осында жатыр. Ал әлемдік тәжірбиенің өзі интеграция дегенге- ең алдымен экономиканы дамыту үшін ұзақ мерзімді жағдай жасау үшін халықтың игілігі үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуды көрсетіп отыр. Сондықтан Еуразиялық Экономикалық Одақтан біз жаһандық байланыстар желісіндегі ашық экономикалық қаумдастықты көреміз. Еуразиялық Экономикалық Одақ – Еуропа ареалы мен гүлденген Азия арасындағы сенімді көпір», -деген мемлекет басшысының сөзімен тәмамдағым келіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық саясаттағы аймақтық, жаһандық бастамалары (1991-1999 жж.) // http://history-state.kz/?ELEMENT_ID=820
2. Еуразиялық Экономикалық Одақ // <http://group-global.org/kk/publication/15491-euraziyalyk-ekonomikalyk-odak>
3. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты // http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaev-zhogary-euraziyalyk-ekonomikalyk-kenestin-otyrysina-katysty
4. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/zhogary-euraziyalyk-ekonomikalyk-kenes-tytysy
5. Н.Назарбаев: Еуразиялық экономикалық одақ – Еуропа ареалы мен гүлденген Азия арасындағы сенімді көпір // <http://www.aktobegazeti.kz/?p=26930>.

УДК 372

ЖАС БУЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ ҚОЛДАУ

Рүстем Ақбота Марсбекқызы

akbotarustem@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Қалтаева

Кәсіпкерліктің дамуы азаматтарға кәсіби және техникалық білім алуға, жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін тетіктер қарастырылған. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлердегі жастар үшін жақсы мүмкіндік. Дұрыс жолға қойылған жағдайда халықты жұмыспен қамтуға да, кәсіпкерлікті дамытуға да жол ашылады. Жалпы, кәсіпкерлік пен бизнес дегеніміз - қоғамның игілігі үшін қызмет ететін, сол арқылы өзі де табысқа кенелетін қоғамның бір категориясы. Ал мемлекет болса бизнес пен қоғамның арасын үйлестіру мен айналысады. Әр тарап өзінің міндетін дұрыс атқарса, бұл барлығы үшін де тиімді. Біреуінің жұмысында кемшілік көп болса, жұмыс мүлде тежеліп қалуы ықтимал,- дейді кәсіпкер Данияр Тұяқбаев.

Оның пайымдауынша, Қазақстан әлі жас мемлекет болғандықтан, бизнес жүргізу, оны мемлекет тарапынан реттеу ісі де әлі де шешімін табуға тиіс мәселелер аз емес. Дамыған мемлекеттердің барлығы мұдай кезеңнен өткен, ұзақ мерзімді жоспар құрған. Кәсіпкер жаңа бағдарламаны теориялық жағынан мінсіз деп санайды. Мұндай ауқымды дүниен жасау үшін көптеген мамандар терең талдау жұмыстарын жүргізгені түсінікті. Егер атқарушы органдар тиімді жолға қоя алса, ол жеміс беруге тиіс.

Жұмыс органдарын көбейту үшін бизнестің белсенділігін күшейтуге жағдай жасау керек. Мәселен, салық төлемдеріне қатысты жеңілдіктер жасалса, бизнесті ынталандыруға